

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Педагогикалық кеңес хаттамасы №1

2023-2024 оқу жылы 31 тамыз

Қатысқаны : 5

Қатыспағаны : 0

Күн тәртібі

1.Балабақша бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жоспардағы өзгерістерді талқылап, бекіту.

Меңгеруші : К.Арымбекова

2. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

Әдіскер : К.Анарбекова

3.Нормативтік құжаттарды таныстыру

Әдіскер . К.Анарбекова

4.Педагогтардың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту

Күн тәртібін, оқу жоспарларын, ұйымдастырылған іс- әрекет кестелерін бекіту

Меңгеруші : К.Арымбекова

5. №1 пед кеңес шешімдері

Тыңдалды :Балабақша меңгерушісі жаңа оқу жылының басталуымен құтықтап өтті, биылғы жаңа оқу жылындағы өзгерістердің көп екенін атап айтар болсақ жаңа стандарт бекітілген және де үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістерге тоқталды, быйылғы оқу жылында бұрынғыдай исағат сандары болмайтынын барлық іс-әрекеттер кіріктіріліп өтілетіндігі туралы айтып өтті. Оқу жоспарындағы өзгерістерге нақты тоқталып өтті, Орыс тілі алынып тасталғанын ,оның орнына қазақ тілі ортаңғы топтан бастап енгізілгендігі ,музыка сабақтарының кіші топтарда аптасына бір рет өтетінін айтып өтті. Барлық топ жаңа өзгерістермен танысып басшылыққа алып жұмыс бағытын өзгеріп жұмыс жасайтынымызды айтты.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алып жазғы сауықтыру жұмыстарына қортынды жасады .Ол өз сөзінде ең бірінші біздің мақсатымыз балалардың денсаулығын шынықтыру мен қорғау болып табылатынын және жаз

А.Кәтеш

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Педагогикалық кеңес хаттамасы №2

Тақырыбы: Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

2023-2024 оқу жылы 24 қараша

Қатысқаны : 5

Қатыспағаны:0

Күн тәртібі

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және мүсіндеу, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыру.
3. «Балабақшада сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану"
4. Шебер-сынып: «Ермексазбен жұмыс істеу әдіс-тәсілі»
Ағымдағы мәселелер, №2 педкеңестің шешімі
Келесі педкеңеске тапсырма: «Қимылдық ойындар» картотекасын дайындау

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алып өткен педагогикалық шешімдердің орындалу барысына тоқталып шешімдер түгелдей орындалғанын айтып өтті. Келесі сөз тәрбиеші Момынова Ақерке өз іс тәжірибесін негізге ала отырып, «Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және мүсіндеу, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыру» атты баяндамасын оқып шықты ол өз баяндамасында биылғы оқу жылынан бастап ,әр сабақ уақытпен берілмегендігін сондықтан ойын түрінде өтілгендігі тиімді нәтиже беретін айты ,мысал келтіре отырып «Апорт деген тәтті алма» әнін айтуды үйрете отырып алманыда бірге мүсіндедік деп қортындылады. Баяндамашыға әріптестері сұрақтар қойып нақты жауап ала білді .Жиналыс мүшелері бір ауыздан баяндаманы жақсы өте құнды деп бағалады.

Келесі кезекте әдіскер сөз алып балабақшада сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану" атты тәрбиешілер парактикалық жұмыстар көрсеті ,дәстүрден тыс сурет салудың бірнеше түрімен танысып тәрбиешілер бір-бірімен тәжірибе алмасты. Шебер-сынып: «Ермексазбен жұмыс істеу әдіс-тәсілі» атты шебер сыныпты екінші топ тәрбиешілері көрсетіп ,ермексазбен

А.Кәтеш

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Педагогикалық кеңес хаттамасы №3

2023-2024 оқу жылы 25 қаңтар

Тақырыбы: Физикалық қасиеттерді дамыту

Қатысқаны : 5

Қатыспағаны:0

Күн тәртібі

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Денсаулық технологияларын тиімді пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту» Айжамал Кәтен
3. Балалардың бірінші жарты жылдықтағы денсаулық көрсеткіштері
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі
5. Ағымдағы мәселелер, №3 педкеңестің шешім

Келесі педкеңеске тапсырма: өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша папкалар, буклеттер дайындау, көрме ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Жиналысты балабақша меңгеруші ашып беріп өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу барысын айтып өтті.

Келесі сөзді балабақша тәрбиешісіне сөз берді ол өз сөзінде бүгінгі баяндама тақырыбымен таныстрып баяндамасын оқып шықты.

«Денсаулық технологияларын тиімді пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту» атты баяндамаға қояр сұрақтарыңыз барме –деп әдіскер тәрбиешілерге ұсыныс тастады .Өз тарапынан баяндаманы әліде толықтыру кректігін тақырыпты аша алмағанын айтты. Бұл ұсынысты басқа да тәрбиешілер қостады.

Келесі сөзді балабақша медбикесі сөз алып ,бірінші жарты жылдықтағы балалардың денсаулық көрсеткіштеріне талдау жасады ,балалар арасында жұқпалы ,тері аурулары тіркелмеді , жедел респектірлі тұмаумен ауырған балаларда көп емес екендігін қабарлады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе шешім қабылданып келесі педагогикалық кеңеске тапсырмалар берілді.

1. Шемім: №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. «Денсаулық технологияларын тиімді пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту» атты баяндама толықтырылып түзетулер енгізілсін.
3. Балалардың бірінші жарты жылдықтағы денсаулық көрсеткіштері қанағаттанарлық деп есептелсін
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі бойынша балалардың даму карталары жасалынып, түзету шаралары жүргізілсін
5. Ағымдағы мәселелер, №3 педкеңестің шешімінің орындалуы әдіскерге жүктелсін.

Хатшысы:

А.Кәтеш



«Елмерей» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Педагогикалық кеңес хаттамасы №4

2023-2024 оқу жылы 29 наурыз

Тақырыбы: **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**

Қатысқаны : 5

Қатыспағаны:0

Күн тәртібі

1.№3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

Меңгеруші: К.Арымбекова

2. «Бала тілі- бал» айдары

Ортаңғы топ тәрбиешілері шығармашылық қобдиша

3. « Табиғат - ана» айдары

Ересектер топ тәрбиешілері

4.Ағымдағы мәселелер, №4 педкеңестің шешім

Меңгеруші ,әдіскер

Тыңдалды: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алып, өткен педагогикалық педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Шешімдердің орындалғаны туралы мәлімдеме жасады.Келесі мәселе бойынша тәрбиешілерге алдыңғы педагогикалық кеңесте тапсырылған тапсырма бойынша балалардың тілдік құзіреттілігін дамыту мақсатында «Бала –тілі бал айдары» бойынша жасаған жұмыстарымен таныстырды, балаларға арнап суретті кітапшалар, санамақ, ертегілер дайындаған жұмыстарымен таныстырды.

Келесі ересектер тобы «Табиғат –ана» айдары бойынша жасаған көрнекіліктерін таныстырды. Тәрбиешілердің жасаған жұмыстарын жоғары бағалап балалардың жан-жақты дамуына ықпал жасап жатқандарына меңгеруші тарапынан жоғары бағалап сөзін қортындылады. Ағымдағы мәселелерді сараптай келе, шешімдер қабылданды.

Шешім: 1.№3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін

2. «Бала тілі- бал» айдары бойынша балалардың тілін дамыту дағдыларын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Кіші ,ортаңғы топ тәрбиешілері шығармашылық қобдиша

3. « Табиғат - ана» айдары бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілсін

4.Ағымдағы мәселелер, №4 педкеңестің шешімдерін жүзеге асыру әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңс төрайымы:

Хатшысы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Педагогикалық кеңес хаттамасы №5

2023-2024 оқу жылы

**Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылындағы балабақша жұмысының нәтижелілігі»
Оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалуы туралы.**

Қатысқаны :5

Қатыспағаны :0

Күн тәртібі

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімін талдау.
2. «Біздің табыстарымыз туралы» – топ тәрбиешілері мен мамандарының жыл бойы жүргізген жұмысы жайлы таныстырылымдық есебі.
3. Әдіскердің бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебі.
4. Балалардың аурушандық деңгейін талдау.
5. Жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын бекіту
6. №5 Педагогикалық кеңес шешімі.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәлесе бойынша балабақша меңгеруші сөз алып күн тәртібін, өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына талдау жасады, шешімдер орындалғанын атап өтті. Келесі кезек топ тәрбиешілерінің бір жыл бойғы атқарылған жұмыстарының есебін таныстырып өтті.

Келесі сөзді әдіскер алып, жыл бойғы балабақшадағы атқарылған жұмыс есебін, жыл бойы балабақшада тәрбиешілермен бірге нормотивтік құжаттармен жұмыс жасалғандығы ,балабақшға балалардың толық қамтылуы үшін барлық жағдайлар жасалғанын атап өтті. Балабақша медбикесі аурушандық деңгейіне толық талдау жасады.

Келесі жаз мезгіліне жасалынған жұмыс жоспарымен таныстырды. Ондағы жоспарланған іс-шаралар мен таныстырды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселерді саралай келе шешімдер қабылданды.

Шешім: Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы қанағатанарлық деп есептелсін.

2. «Біздің табыстарымыз туралы» – топ тәрбиешілері мен мамандарының жыл бойы жүргізген жұмысы жайлы таныстырылымдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.

3.Әдіскердің бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебі қабылдансын

4.Балалардың аурушандық деңгейін талдау жоғары деңгейде деп есептелсін.

5.Жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын бекітілсін

6.№5 Педагогикалық кеңес шешімі қабылданесын.

Педагогикалық кеңс төрайымы:

Хатшысы:



К.Арымбекова

А.Кәтен